**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН**
**ШЕШІМ**

2025 жылғы 04 желтоқсан іс № 5501-25-00-2/3090 Павлодар қаласы

Павлодар облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С. Сләм, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібі бойынша азаматтық істі қарап:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Павлодар облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекеме

**ЖАУАПКЕР:**
Абикеева Әсем Айдарбекқызы «Асем» жеке кәсіпкер

**ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:**
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы.

**ҚАРАР БӨЛІМІ:**
АПК-нің 109, 267-2, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШТІ:**

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Павлодар облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің Абикеева Әсем Айдарбекқызы «Асем» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Абикеева Әсем Айдарбекқызы «Асем» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Абикеева Әсем Айдарбекқызы «Асем» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне төлем шығыстары бойынша мемлекеттік баж 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған сот шешіміне, шешімнің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сотқа, шешімнің күшін жою туралы талап арызбен жүгінуге құқылы. Талап арыз сотқа, егер жауапкер талап арыздың сотқа келіп түскені мен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы жеткілікті дәрежеде хабарланбаған және талап арызға өз пікірін білдіре алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды

қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы беріледі.

**Судья** **А. Сләм**

Документ подписан: Сләм А. С., 04.12.2025

Дата вступления в законную силу: 13.01.2026, судья Сләм А. С., 14.01.2026

5501-25-3-1/3517